

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасы» КМҚК –ның кезектен тыс
педагогикалық кеңес **хаттамасы**

23.05.2022 жыл.

Қатысты: 17 адам.

Күн тәртібінде:

1. «Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерінің есебі.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Г.Абишева сөз алды.
Бөбекжай-бақшада Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-1) тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің ММ 2022 жылғы 02 ақпанындағы №17-13-03-06/127 шығыс хатына сәйкес 2022 жылдың 3 мамырынан бастап 23 мамыры аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының кезеңіне қызметтің барлық бағыттары бойынша бөбекжай –бақшаның өзін-өзі бағалауы жүргізіліп, комиссия мүшелері барлық өлшемшарттар бойынша есептерін дайындады.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізуге құрылған комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша есептерімен таныстырды.

Қызметтің барлық бағыттары бойынша бөбекжай –бақшаның өзін-өзі бағалауы толықтай жүргізілді;

- Әдіскер Рахмашева Қ.Н: педагогикалық кадр құрамына, педагогикалық құрамның сапалық және сандық сипаттамасы, біліктілік санаттары туралы, біліктілік курстан өту туралы мәліметтерге талдау жасады. Сонымен қатар білім беру және оқыту, МЖМБС орындау, пәндік-кеңістік орта құру, даму мониторингісінің қорытындыларына зерделеу жүргізді.
- Тәрбиеші Дюсенбаева А.А. Тәрбиеленушілердің зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелеріне талдау жүргізді.
- Психолог А.М.Чурмантаева. Бөбекжай-бақшаның педагогикалық, психологиялық қызметіне жан-жақты талдау жасады.
- Медбике Р.Н.Магауина. Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, бөбекжай-бақшаның санитарлық – эпидемиологиялық жағдайы бойынша төмендегідей есеп берді;
Бөбекжай-бақша керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген медициналық кабинет бар. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Бөбекжай-юақшада тазалық- гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн режимі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталады. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жоспарлы жүргізілуде. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында профилактикалық, сауықтыру - шынықтыру жұмыстары мерзімінде жүргізіледі. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Тоқсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіліп, балалардың физиологиялық көрсеткіштері бақыланады. Жыл-бойы ата-аналарға пайдалы кеңестер беріледі. Бөбекжай-бақша қызметкерлері үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өткізіліп тұрады.

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметіне нормативтік құжаттарға, әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысының есебі негізінде бөбекжай-бақша МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.
2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша барлық материалдар бөбекжай-бақша веб сайтына жүктелсін.

Комиссия төрайымы:

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:



А.Г.Абишева.

Комиссия хатшысы:

бөбекжай-бақша тәрбиешісі;



Ергалиева А.М.